

ELEMENT

FOR THE

## ҒАСЫРҒА САЛМАҚ БОЛАР ҮЛКЕН ЖОБА

Кешегі өткен жүзжылдықтың 1994 жылының көктемінде Өзбекстанға карасты Қарапалпақстанның астанасы Нүкіс қаласында Орта Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының басшылары қатысуымен “Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу” деген ауқымды жоба пайда болған еді. Аталмыш жоба негізінде Арал теңізі мен оның айналасының экологиялық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларын жақсартуға басты бағыт ұсталды. Бұл ғаламат шара бойынша жоғарыдағы Шардара су қоймасынан төмендегі Арал теңізіне дейінгі аралықтың ахуалы түзетілетін болып белгіленді.

Алайда, осынау ғасырлық жүгі бар ауқымды жобаны кеңес дәуірінде жүзеге асырудың орайы келмеді, ол біздің еліміздің егеміндік алып, тәуелсіз мемлекет атанғанынан кейін ғана күн тәртібіне енгізілді. Сөйтіп, бұдан 3 жыл уақыт бұрын жобаның бірінші кезеңі сөреден шықты. Бұл аралықтағы атқарылатын жұмыстардың жалпы құны 85,79 млн. АҚШ долларын құрады. Жоба Бүкіләлемдік банк заемы (64,9 млн. доллар) мен Үкімет бюджеті (21,29 млн. доллар) есебінен қаржыландырылды. Осынау ауқымды жұмыстарға техникалық бақылау жасауға “Мотт Мак Дональд Темелсу” атты ағылшын-түрік біріккен кәсіпорны тартылды. Ал жұмыстың қоршаған ортаға әсерін бағалап, экологиялық мониторинг жүргізуге ағылшынның “Скотт Вилсон” кеңесу компаниясы қатыстырылды.

Сонымен, жобаның бірінші кезеңінде Сыр өңірінің бүгіні мен келешегі үшін үлкен орны болатын ғасырлық нысандар Әйтек, Көкарал, Ақлақ және Қараөзек су құрылыстары жүргізілді.

Бірінші нысан – Әйтек су торабы. Қызылорда қаласынан жиырма шақырымдай төмендегі дария иінінде орналасқан бұл торапта өткен ғасырдың 70-ші жылдарының ортасында салынған табалдырық (водослив) жұмыс істеп келген еді. Оның басты мақсаты қуаңшылық болған жылдары дарияның суын осында жинап, еңістегі Елтай, Әйтек, Соркөл каналдарының деңгейін көтеру болатын. Бірақ, жылдар өте келе бұл тірлік өзеннің осы тұсындағы суын реттеп отыруға кедергі келтіретіні аян болып қалды. Содан бергі кезеңдердің бәрінде дерлік дария суының қалыпты мөлшерден кемшін келуі оны бар болғаны табалдырық ретінде ғана пайдалануға апарып соқтырды. Ал жоғарыдағы “Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу” жобасында бұл маңайдан салынатын жаңа тоспа бағдарламаның басты нысандарының бірінен саналды. Ресми құжатта осы жұмыс “PPCCAM002” келісім-шарты” деп аталды. Аталмыш келісім-шарт бойынша мұнда төрт түрлі жұмыс атқарылатын болып белгіленді. Біріншісі – дарияның Әйтек гидроторабында секөнтіне 700 текше метр су өткізетін тоспа салу, екіншісі – Қараөзек өзенінің сағасындағы бас плотинаны жаңарту, үшіншісі – Әйтек, Соркөл, Елтай каналдарын жетілдіру, төртіншісі – нысандарда қызмет істейтін мамандарға тұрғын үйлер тұрғызу.

Су торабындағы осы жұмыстарды атқаратын бас мердігер болып Қытай геоинженерлік корпорациясы бекітілді. Корпорация біздің мемлекетпен 2002 жылдың қараша айында келісім-шарт жасасты. Жобаның құны 1367 млн. теңгеге бағаланды. Ақиқатын айтқанда, бұл нысанның дария суын реттеп, төмендегі шаруашылықтардың егін егулеріне тигізер пайдасы көп болатын. Қараөзек саласының бас гидротехникалық құрылысында 25,3 мың текше метр топырақ жұмыстары, 700 мың текше метр ескі темір-бетон бөлшектері бұзылып, оның орнына 2300 текше метр геотексильден жасалған 3000 шаршы метр синтетикалық материалдар, 800 шаршы метр габион мен тас төселді. Гидромеханикалық және электр-техникалық жабдықтар түгел жаңартылды. Сонымен қатар Әйтек, Соркөл және Елтай жармаларында да айтарлықтай ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Әйтек кешенін қайта жаңарту барысында басты төрт түрлі мәселеге айрықша назар аударылды. Бұл тоспаның салынып бітуі, біріншіден, дарияның осы тұстағы су өткізгіштік қабілетін арттырып, Қызылорда қаласы мен осы маңдағы елді мекендерді, сондай-ақ атыраптағы егістік алқаптарды тасқын судың алу қаупінен құтқаруға, екіншіден, Кіші Аралға мейлінше мол су жіберуге, үшіншіден, ирригациялық жүйелерді қайта жаңарта отырып, су қорларын басқаруды мықтап ұстауға, төртіншіден, топан кезінде дарияның артық суын Жамандария мен Қараөзек саласы арқылы жөнелтіп, су шаруашылығын мейлінше тиімді пайдалануға қызмет ететін болады. Осы жағдайлар ескеріле келе қолға алынған Әйтек су торабының құрылысы межелі уақыттан бұрын пайдалануға берілді.

Екінші нысан – Көкарал бөгеті. Сыр бойының ХХІ ғасыр басындағы ең алып құрылысы саналған Көкарал бөгеті 2005 жылдың қараша айында толық іске қосылды. Мұның алдында, сәуір айының аяғында Қызылорда облысына келген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев аттың басын алдымен Арал ауданына іркіп, алып құрылыс нысанындағы жұмыстың жай-күйімен танысқан еді. Сол жолы Президент бөгет басында: “Аралға көмектесу мәселесі ешуақытта жадымнан шыққан емес. Сырдарияның су жүйесін қалпына келтіру жұмыстарына қыруар қаржы бөлінді. Сонау Шардарадан Аралға дейін 85,8 млн. долларға атқарылатын орасан зор тірлік осындағы халықтың қуанышына айналғалы тұр. Мұның көрінісі Әйтектен бастау алып, Ақлақ пен Кіші Аралға дейін барады. Осы қаржының игерілуіне орай Әйтек су құрылғысы іске қосылды. Таяу арада Көкарал бөгеті пайдалануға беріледі, көлдер жүйесіне су жинала бастайды. Аралдан 80 шақырымға қашықтап кеткен теңіз 10-12 шақырымға дейін жақындайды. Арал қаласына таза су жеткізілді, енді көлдер суға тола бастағаннан балық шаруашылығы өркен жаяды. Ел экономикасының дамуы Арал проблемасын белсендірек шешуге мүмкіндік береді. Сондықтан да мемлекет аймақтағы экологиялық жағдайды қалыпқа түсіру үшін барлық күш-жігерін жұмсайды”, – деген еді.

Арада үш айдан аса уақыт өткенде Көкарал бөгетінің әдепкі тосқауылы салынып бітті. Тағы екі айдан кейін ол толық қуатында пайдалануға берілді. Алып құрылыстың іске қосылу салтанатына қатысқан сол кездегі Премьер-Министрдің орынбасары Ахметжан Есімов жиналған көпшілікті Елбасының

жеделхатымен таныстырды. Онда: “Көкарал бөгеті – Арал аймағындағы экономикалық, экологиялық және әлеуметтік маңызы зор нысанға айналады. Бұл жаңа өмірге жол бастайтын, толқынды теңізге ұласатын жағдайға жетеді. Экология зардабын тартқан халық үшін ендігі тіршілік сәттілігімен қуантады. Болашаққа сенім ұялатып, күпті көңілдердің күйін жақсылыққа жетелейді. Ал мұндай игілікке қол жеткізген құрылысшыларға шын пейілден шынайы сезімді жолдаймын” делінген екен.

Салтанатты сәтте облыс әкімі Икрам Адырбеков Елбасының Аралға деген көмегінің өте көп екенін, Көкарал бөгеті тек аймақтың ғана жағдайын түзеумен шектелмейтінін, мұның өзге мемлекеттерге де шарапаты молдығын тілге тиек етті. Келешекте теңіз айдынында ақ желкенді кемелер шарықтай жүзіп, алып көлдің қалпына келгенін көру бүгінгі ұрпақтың маңдайына жазылатынын алға тартты. Бұл әрине, аймақ халқы үшін үлкен қуаныш. Адамзат тарихында бұған дейін теңізді екіге бөліп бөгеу жұмысы алғаш рет тәуелсіз Қазақстанда атқарылғаны әлемге аян болды. Алда теңіздің 60 мың гектар табаны суға толғанда бұл аймақтың ауа райы күрт жақсарып, табиғаты жайнап-жасара түсетіні анық.

Мамандар болжамына қарағанда, алдағы 2-3 жылда Кіші Аралға 29 млрд. текше метр су жиналып, оның қойнауы түгел суға толады. Бұдан қалды, Көкарал мен Ақлақтың арқасында жалпы көлемі 60 мың шаршы шақырымға жуық көлдердің арналары толығыады. Соның нәтижесінде балық шаруашылығын дамытудың мүмкіндігі артады.

Үшінші нысан – Ақлақ тоспасы. “Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу” жобасы аймақта алты нысанды қамтиды. Солардың бірі – Сырдарияның құярлығынан сәл жоғарыдағы Ақлақ су торабы қазір салынып жатқан құрылыстардың ішіндегі маңызды нысандардың бірінен саналады. Ол алдағы күзде салынып бітуі тиіс. Бір кездері дарияның облыс аумағындағы бойында 2582 көл шалқып жатқан. Содан 1975 жылы 1200 көл қалыпты. Ал қазір олардың саны 300-ден аспайды. Осы көлдердің 50-ге жуығы Арал өңірінде. Енді оларды тіршіліктің көзіне айналдыру үшін 10 текше шақырымға жуық су керек көрінеді. Міне, сол жартылай құрғап қалған Арал көлдеріне Ақлақ су тоспасы су беріп, нәрлендіретін болады. Бұлардың қатарында Сағымбай, Домалақ, Қаратерең-1, Қаратерең-2, Қызылжар және Жыланды секілді көлдер бар. Тоспа суға толып, бетіне дейін шүпілдегенде, көлдердің шарапаты Қарашалаң мен Бөген ауылдарына жетуі әбден мүмкін. Соның арқасында өңірде балық шаруашылығымен қоса егін және мал шаруашылықтарын өркендетудің қолайлы жағдайлары туындайды. Ал Ақлақ су құрылысының секөнтіне 600 текше метр су өткізу қабілеті бар. Демек, мұның Сырдың суын сабасына келтіріп, ел мен көлге бөліп беруде атқарар қызметі үлкен болмақ.

Әлгінде айтып өтілген алты бағытты нысанның алғашқысы Солтүстік Арал теңізінің плотинасы мен Ақлақ су торабы болса, екіншісін Әйтек тоспасы мен Қараөзек сағасы алады. Үшінші нысан болып табылатын Шардара су қоймасын жөндеу жұмыстары 2007 жылдың қараша айына дейін жалғаспақ. Төртіншіге Сырдария өзенінің жағасындағы қорғаныс бөгеттері жатса,

бесіншісі дария арнасын түзету жұмыстарын қамтиды. Алтыншы белес ретінде Қазалы (Басығара) мен Қызылорда су тораптарын қайта жаңғырту шаралары қолға алынады. Міне, осы жоба аймақтың экологиялық жағдайын тұрақтандыруға, суды тиімді пайдалануға, халық шаруашылығын дамытуға мол мүмкіндіктер ашқалы тұр. Мысалы, табаны суға толғасын Кіші Аралдың тұздану деңгейі 23-тен 17 г/л-ге дейін төмендемек.

Төртінші нысан – Қараөзек плотинасы. Соңғы 3-4 жылдан бері Тянь-Шань және Памир тауларынан ылғал мол түсіп, Шардара су қоймасы мен Сырдарияның орта және төменгі ағыстарының бойлары суға толып жатқан тұста бұл өңір үшін Қараөзек арнасын барынша тиімді пайдаланудың күн тәртібінде алға шығып тұрғаны рас. Жергілікті ғалымдар мен мамандар қазір Қызылорда облысының дария суын қабылдауға мүмкіндігі бар екенін, қандай бір қиын жағдайда да осы арна арқылы тасқынның қаупін сейілтуге болатынын айтып жүр. Бұл, бір жағы, көршілес Оңтүстік Қазақстан облысы аумағынан Көксарай сынды жаңа су қоймасының салынбауы үшін қарсы қойылатын басты дәлелдердің бірі болып отыр. Ахуалды біршама талдап-зерттеген Үкімет өткен жылы Қараөзектің дария бойындағы сағасына секөнтіне 350 текше метр су өткізе алатын жаңа су торабын салу жөнінде шешім қабылдады. Осы жұмыс үшін республика бюджетінен 411 млн. теңге бөлінді. Былтыр басталып кеткен жұмысты атқаруды қолға алған Қытай геоинженерлік корпорациясы нысанды үстіміздегі жылдың күзінде пайдалануға берулері тиіс. Бұл нысан, біріншіден, тасқынның алдын алатын басты тоған болса, екіншіден, Қызылорда қаласы аумағында жер асты сулары төмендеуіне ықпал етеді. Дариядан мол су аққан жағдайда, мәселен, Қызылорда торабынан 800 текше метр су төмен қарай өтіп жатса, оның 350 текше метрі Қараөзекке, қалғаны Әйтекке жіберілмек. Сөйтіп, облыс орталығы мен бірқатар елді мекендер тасқын басу қаупінен құтылады. Сырдарияның ертеден бері келе жатқан бір саласы саналатын Қараөзектің басталар тұсынан Жосалы стансасына дейінгі өзенге қайта құяр аралық 180 шақырым жерді алады. Осы екі аралықта көптеген көлдер жүйесі шашырап жатыр. Бұл, бір жағынан, балықтың тайдай тулайтын өрісін кеңейтсе, екіншіден, орасан зор шабындық пен мол жайылымды жайқалтуға жол ашады. Мамандардың есебі бойынша, осынау атыраптың өзі 2-2,5 млрд. текше метрге дейін су қабылдай алады екен. Мұндағы жаңа тоспа іске қосылғанда қала мен Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарының елді мекендері су тасқыны зардабынан толық құтылады.

Сонымен, биылғы жылдың басталуына орай “Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу” жобасының қолға алынғанына төртінші жылдың жүзі қарады. 2007 жылдың көктемінде аталмыш жобаның екінші кезеңі қолға алынуға тиіс. Бұл кезең үшін Үкімет 120 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қаржы қарастырып отыр. Бұл бірінші кезеңдегіге қарағанда едәуір көп. Демек, ендігі атқарылатын жұмыстардың ауқымы да зор болмақ. Сыр бойының жұртшылығы 2009 жылға дейін созылатын осы кезеңнің өз уақытында басталып, күткендегідей нәтиже

әкелсе, өңірдің экологиялық мәселесінің түпкілікті шешімін табатынына сенімді.